

**ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІНІҢ ЖОЙЫЛЫП КЕТУ ҚАУПІ БАР ТҮРЛЕРІМЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ЖАСАУ ЖӘНІНДЕГІ КОНВЕНЦИЯНЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ БЕКІТУНЕ ЕҢГІЗУ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 26 мамыр 1994 ж. N 569

Жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жойылып кету қаупі бар түрлерімен сауда жасау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жойылып кету қаупі бар түрлерімен халықаралық сауда жасау жәніндегі Конвенция Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің  
ҚАУЛЫСЫ

Жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жойылып кету қаупі бар түрлерімен Халықаралық сауда жасау жәніндегі Конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. 1973 жылғы 3 наурызда Вашингтон қаласында қол қойылған Жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жойылып кету қаупі бар түрлерімен халықаралық сауда жасау жәніндегі Конвенция бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:  
аталған Конвенцияның сақтаушысы Швейцария Үкіметін Қазақстан Республикасының осы Конвенцияны бекіткендігі, Қазақстан Республикасының

құқықтық құзыры шегінде осы Конвенциядан туындайтын міндеттемелерді  
мойындайтындығы және қабылдайтындығы жөнінде

хабардар ету;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жабайы жануарлар мен  
өсімдіктер дүниесінің жойылып кету қаупі бар түрлерімен халықаралық  
сауда жасау жөніндегі Конвенциядан туындайтын міндеттемелерді  
республиканың орындаушы ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қаулысын  
әзірлең, екі ай ішінде қабылдау жүктелсін.

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК